

Лисаков қаласының 2014-2016 жылдарға арналған бюджеті туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2013 жылғы 28 желтоқсандағы № 189 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 30 желтоқсанда № 4386 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды (Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2015 жылғы 14 қаңтардағы № 7 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды (Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 14.01.2015 № 7 хаты).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 2-бабының 4-тармағына, 73, 75-баптарына сәйкес Лисаков қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Лисаков қаласының 2014-2016 жылдарға арналған бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2014 жылға мынадай көлемдерде б е к і т і л с і н :

- 1) кірістер – 3749939,9 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер бойынша – 2092172,0 мың теңге;
салықтық емес түсімдер бойынша – 16617,0 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 43699,0 мың теңге;
трансферттердің түсімдері бойынша – 1597451,9 мың теңге;
- 2) шығындар – 3743635,9 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 25000,0 мың теңге, оның ішінде:
бюджеттік кредиттер – 25000,0 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 52106,4 мың теңге;
қаржы активтерін сатып алу - 52106,4 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – -70802,4 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 70802,4 мың теңге .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 27.11.2014 № 257 шешімімен (01.01.2014 бастап қолданысқа е н г і з і л е д і) .

2. Лисаков қаласының бюджетіне облыстық бюджеттен берілетін бюджеттік

субвенциялардың көлемі 0 құрайтыны ескерілсін.

3. 2014 жылға арналған қаланың бюджетінен облыстық бюджетке бюджеттік алып қоюлардың көлемі 557659,0 мың теңге сомасында белгіленгені ескерілсін.

4. 2014 жылға арналған Лисаков қаласы әкімдігінің резерві 0 теңге құрайтыны ескерілсін

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 27.11.2014 № 257 шешімімен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) .

5. 2014 жылға арналған Лисаков қаласының бюджетінде облыстық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін, оның ішінде :

Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-әрекеттер жоспарын іске асыруға 240,0 мың теңге сомасында;

Лисаков қаласының № 2 орта мектебіне күрделі жөндеу жүргізуге 100000,0 мың теңге сомасында ;

Ұлы Отан соғысының қатысушылар мен мүгедектеріне тұрмыстық қажеттіліктеріне әлеуметтік көмек мөлшерін 2014 жылдың 1 мамырынан бастап алтыдан он айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғайтуға 1459,4 мың теңге сомасында ;

2014-2015 жылдарға арналған Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамытуға 1523,0 мың теңге сомасында;

кірістерді өтеуге өтемақыға 176012,0 мың теңге сомасында;

"Орта білім беретін үздік ұйым" конкурсының жеңімпазына грант төлеуге 15972,8 мың теңге сомасында ;

үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілікті арттырудан өткен мұғалімдерге төленетін еңбекақыны арттыруға еңбекақы қорының қамтамасыздығын өтеуге 7017,0 мың теңге сомасында .

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 27.11.2014 № 257 шешімімен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) .

6. 2014 жылға арналған Лисаков қаласының бюджетінде облыстық бюджеттен нысаналы даму трансферттер көзделгені ескерілсін:

Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға 80061,3 мың теңге сомасында .

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 27.11.2014 № 257 шешімімен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) .

7. 2014 жылға арналған Лисаков қаласының бюджетінде республикалық

бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін, оның ішінде :

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға 17236,0 мың теңге сомасында;

үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілікті арттырудан өткен мұғалімдерге төленетін еңбекақыны арттыруға 12100,0 мың теңге сомасында;

Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-әрекеттер жоспарын іске асыруға 465,0 мың теңге сомасында;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге 110,0 мың теңге сомасында;

18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар төлеуге 193,0 мың теңге сомасында ;

мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлерінің, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік кәсіпорындардың қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін ай сайынғы үстемеақы төлеуге 57706,0 мың теңге сомасында ;

2014 жылға арналған Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде ағымдағы іс-шараларды іске асыруға 229799,0 мың теңге сомасында .

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 27.11.2014 № 257 шешімімен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) .

8. 2014 жылға арналған Лисаков қаласының бюджетінде республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттер көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алуға 105239,0 мың теңге сомасында;

Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға 740212,0 мың теңге сомасында ;

мамандандырылған уәкілетті ұйымдардың жарғылық капиталдарын ұлғайтуға 52106,4 мың теңге сомасында .

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 27.11.2014 № 257 шешімімен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) .

9. 2014 жылға арналған Лисаков қаласының бюджетінде Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлікке микрокредит беру үшін 25000,0 мың теңге сомасында республикалық бюджеттен кредиттер көзделгені ескерілсін.

9-1. 2014 жылға арналған Лисаков қаласының бюджетінде республикалық

және облыстық бюджеттерге 84,4 мың теңге сомасында нысаналы трансферттерді қайтару көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 9-1-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 20.02.2014 № 207 шешімімен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

10. 2014 жылға арналған Лисаков қаласының бюджетін атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

11. 2014 жылға арналған кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараттары бюджеттік бағдарламаларының тізбесі 5-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

12. Осы шешім 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

XIII сессияның төрағасы

А. Демисенов

Қалалық мәслихат хатшысы

Г. Жарылқасымова

КЕЛІСІЛДІ

"Лисаков қаласы әкімдігінің
экономика және бюджеттік
жоспарлау бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ *Н. Турлубекова*

М ә с л и х а т т ы ң

2013 жылғы 28 желтоқсандағы

№ 189 шешіміне 1-қосымша

Лисаков қаласының 2014 жылға арналған бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 27.11.2014 № 257 шешімімен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

Санаты					С о м а с ы , мың теңге
	Сыныбы				
		Ішкі сыныбы			
			Атауы		
				I. Кірістер	3 749 939,9
	1			Салықтық түсімдер	2 092 172,0
	1	01		Табыс салығы	722 109,0
	1	01	2	Жеке табыс салығы	722 109,0
	1	03		Әлеуметтік салық	529 971,0
	1	03	1	Әлеуметтік салық	529 971,0
	1	04		Меншікке салынатын салықтар	224 500,0
	1	04	1	Мүлікке салынатын салықтар	138 713,0

1	04	3	Жер салығы	13 575,0
1	04	4	Көлік құралдарына салынатын салық	72 212,0
1	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	606 964,0
1	05	2	Акциздер	383 425,0
1	05	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	208 970,0
1	05	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	14 086,0
1	05	5	Ойын бизнесіне салық	483,0
1	08		Зандық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	8 628,0
1	08	1	Мемлекеттік баж	8 628,0
2			Салықтық емес түсімдер	16 617,0
2	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	13 083,0
2	01	1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	380,0
2	01	4	Мемлекет меншігіндегі, заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер	136,0
2	01	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	11 862,0
2	01	9	Мемлекеттік меншігінен түсетін басқа да кірістер	705,0
2	02		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	2,0
2	02	1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	2,0
2	03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	3,0
2	03	1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	3,0
2	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	31,0
			Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (	

2	04	1	шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	31,0
2	06		Өзге де салықтық емес түсімдер	3 498,0
2	06	1	Өзге де салықтық емес түсімдер	3 498,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	43 699,0
3	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	28 985,0
3	01	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	28 985,0
3	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	14 714,0
3	03	1	Жерді сату	7 878,0
3	03	2	Материалдық емес активтерді сату	6 836,0
4			Трансферттердің түсімдері	1 597 451,9
4	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	1 597 451,9
4	02	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	1 597 451,9
Функционалдық топ				С о м а с ы , мың теңге
	Кіші функция			
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
			Атауы	
			II. Шығыстар	3 743 635,9
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	148 109,6
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	115 666,0
		112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	12 503,0
			001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	12 503,0
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	80 684,0
			001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	76 642,0
			003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 042,0
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	22 479,0
			001 Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	22 381,0
			022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	98,0
	2		Қаржылық қызмет	17 764,6
		452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	17 764,6

		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16 655,6
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	513,0
		011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	519,0
		018	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	77,0
5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	14 679,0
	453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	14 679,0
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту және ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14 679,0
02			Қорғаныс	4 809,0
	1		Әскери мұқтаждар	4 809,0
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	4 809,0
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	4 809,0
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	796,0
	9		Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы өзге де қызметтер	796,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	796,0
		021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	796,0
04			Білім беру	1 229 135,8
	1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	296 407,0
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	296 407,0
		009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	279 171,0
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	17 236,0
	2		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	782 396,8
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	782 396,8
		003	Жалпы білім беру	681 584,8
		006	Балаларға қосымша білім беру	100 812,0
	9		Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	150 332,0
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	145 332,0
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8 618,0

		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	9 865,0
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	1 912,0
		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	11 717,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	113 220,0
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	5 000,0
		037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	5 000,0
05			Денсаулық сақтау	100,0
	9		Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	100,0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	100,0
		002	Шұғыл жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізуді ұйымдастыру	100,0
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	155 647,4
	2		Әлеуметтік көмек	117 130,4
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	117 130,4
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	24 076,0
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	1 484,0
		006	Тұрғын үйге көмек көрсету	34 025,00
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	28 038,4
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	1 389,0
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	10 356,0
		015	Зейнеткерлер мен мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету аумақтық орталығы	8 495,0
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	1 896,0
		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	7 371,0
	9		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	38 517,0
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	37 812,0
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	36 697,0

		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	297,0
		021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	818,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	705,0
		050	Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру	705,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	291 090,3
	1		Тұрғын үй шаруашылығы	126 258,0
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	696,0
		024	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	696,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	7 242,0
		003	Мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	4 025,0
		049	Көп пәтерлі тұрғын үйлерде энергетикалық аудит жүргізу	3 217,0
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	827,0
		026	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	827,0
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	110 953,0
		004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу	110 953,0
	479		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй инспекциясы бөлімі	6 540,0
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй қоры саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6 489,0
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	51,0
	2		Коммуналдық шаруашылық	17 621,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	4 974,0
		012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	4 974,0
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	12 647,0
		005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	16,0
		006	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	12 631,0
	3		Елді-мекендерді абаттандыру	147 211,3
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	6 884,0
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	3 948,0

		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	2 416,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	520,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	125 036,3
		015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	17 065,0
		016	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	30 629,0
		017	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	128,3
		018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	77 214,0
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	15 291,0
		007	Қаланы және елді мекендерді абаттандыруды дамыту	15 291,0
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	172 544,0
	1		Мәдениет саласындағы қызмет	54 142,0
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	54 142,0
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	54 142,0
	2		Спорт	27 080,0
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	24 416,0
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5 795,0
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	42,0
		005	Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту	6 364,0
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	3 715,0
		007	Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	8 500,0
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	2 664,0
		008	Спорт объектілерін дамыту	2 664,0
	3		Ақпараттық кеңістік	58 015,0
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	33 241,0
		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	28 655,0
		007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	4 586,0
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	24 774,0
		002	Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	6 279,0
		005	Телерадио хабарларын тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтер	18 495,0

9			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	33 307,0
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	17 989,0
		001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5 607,0
		010	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	92,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	12 290,0
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	15 318,0
		001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 387,0
		003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	5 272,0
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	659,0
09			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	1 739,0
9			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де қызметтер	1 739,0
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	1 739,0
		009	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	1 739,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	18 820,0
	1		Ауыл шаруашылығы	9 299,0
	474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	9 299,0
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5 021,0
		005	Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету	2 747,0
		006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	84,0
		007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	1 447,0
6			Жер қатынастары	6 818,0
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	6 818,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6 767,0
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	51,0
9			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	2 703,0

		474	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	2 703,0
		013	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	2 703,0
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	15 739,0
	2		Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	15 739,0
		467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	8 982,0
		001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8 833,0
		017	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	149,0
		468	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	6 757,0
		001	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6 706,0
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	51,0
12			Көлік және коммуникация	75 930,0
	1		Автомобиль көлігі	75 930,0
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	4 552,0
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	4 552,0
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	71 378,0
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	71 378,0
13			Басқалар	1 071 428,3
	3		Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	7 133,0
		469	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	7 133,0
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6 848,0
		003	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	285,0
	9		Басқалар	1 064 295,3
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	5 352,0
		040	"Өңірлерді дамыту" Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	352,0
		049	Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде моноқалаларды ағымдағы жайластыру	5 000,0
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	615 805,3

		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11 587,0
		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	264,0
		044	Монокалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде монокалаларды ағымдағы жайластыру	158 799,0
		085	Монокалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру	445 155,3
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	377 138,0
		085	Монокалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру	377 138,0
	469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	66 000,0
		033	Монокалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде жобаларды іске асыру үшін берілетін кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау	58 000,0
		034	Монокалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде жаңа өндірістерді дамытуға гранттар беру	8 000,0
14			Борышқа қызмет көрсету	4,1
	1		Борышқа қызмет көрсету	4,1
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	4,1
		013	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	4,1
15			Трансферттер	557 743,4
	1		Трансферттер	557 743,4
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	557 743,4
		006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	84,4
		007	Бюджеттік алып қоюлар	557 659,0
			III. Таза бюджеттік кредиттер	25 000,0
			Бюджеттік кредиттер	25 000,0
13			Басқалар	25 000,0
	9		Басқалар	25 000,0
	469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	25 000,0
		008	Монокалалардағы кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру	25 000,0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	52 106,4
			Қаржы активтерді сатып алу	52 106,4

13				Басқалар	52 106,4
	9			Басқалар	52 106,4
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	52 106,4
			060	Мамандандырылған уәкілетті ұйымдардың жарғылық капиталдарын ұлғайту	52 106,4
				V. Бюджеттің тапшылығы (профицит)	-70 802,4
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	70 802,4

М ә с л и х а т т ы ң

2013 жылғы 28 желтоқсандағы

№ 189 шешіміне 2-қосымша

Лисаков қаласының 2015 жылға арналған бюджеті

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 06.08.2014 № 244 шешімімен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

Санаты					Сомасы, мың теңге
		Сыныбы			
		Ішкі сыныбы			
		Атауы			
				I. Кірістер	3 310 609,0
	1			Салықтық түсімдер	2 594 627,0
	1	01		Табыс салығы	751 993,0
	1	01	2	Жеке табыс салығы	751 993,0
	1	03		Әлеуметтік салық	570 098,0
	1	03	1	Әлеуметтік салық	570 098,0
	1	04		Меншікке салынатын салықтар	226 352,0
	1	04	1	Мүлікке салынатын салықтар	130 510,0
	1	04	3	Жер салығы	15 015,0
	1	04	4	Көлік құралдарына салынатын салық	80 827,0
	1	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	1 037 029,0
	1	05	2	Акциздер	819 606,0
	1	05	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	203 350,0
	1	05	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	13 653,0
	1	05	5	Ойын бизнесіне салық	420,0

1	08		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	9 155,0
1	08	1	Мемлекеттік баж	9 155,0
2			Салықтық емес түсімдер	10 803,0
2	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	10 603,0
2	01	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	9 703,0
2	01	9	Мемлекеттік меншігінен түсетін басқа да кірістер	900,0
2	06		Өзге де салықтық емес түсімдер	200,0
2	06	1	Өзге де салықтық емес түсімдер	200,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	6 500,0
3	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	5 000,0
3	01	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	5 000,0
3	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	1 500,0
3	03	1	Жерді сату	1 000,0
3	03	2	Материалдық емес активтерді сату	500,0
4			Трансферттердің түсімдері	698 679,0
4	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	698 679,0
4	02	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	698 679,0
Функционалдық топ				С о м а с ы , мың теңге
Кіші функция				
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
Бағдарлама				
Атауы				
II. Шығындар				3 310 609,0
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	123 413,0
1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	89 874,0
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	12 489,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	12 489,0
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	54 200,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	54 200,0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	23 185,0
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	23 185,0
2			Қаржылық қызмет	18 830,0

	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	18 830,0
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16 786,0
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	974,0
		011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	1 070,0
5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	14 709,0
	453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	14 709,0
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту және ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14 709,0
02			Қорғаныс	2 990,0
1			Әскери мұқтаждар	2 990,0
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	2 990,0
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	2 990,0
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	852,0
9			Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы өзге де қызметтер	852,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	852,0
		021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	852,0
04			Білім беру	1 504 971,0
1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	278 686,0
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	278 686,0
		009	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	278 686,0
2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	710 367,0
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	710 367,0
		003	Жалпы білім беру	613 119,0
		006	Балаларға қосымша білім беру	97 248,0
9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	515 918,0
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	315 918,0
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8 166,0

		005	Ауданның (областық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	15 608,0
		007	Аудандық (қалалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	2 045,0
		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	12 539,0
		022	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	560,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	277 000,0
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	200 000,0
		037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	200 000,0
05			Денсаулық сақтау	77,0
